

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 316 (2017), 178 – 183

UDC 821.512.122-1

S. K. Kozhagulov

Zhetysu State University named after I. Zhansugurova, Taldykorgan
Sailau.24@mail.ru

WE TAKE CARE HERITAGE OF ABAY

Abstract: The article discusses the theoretical basis of textual criticism, scientific justification of the text history, basic principles of modern textual criticism and the original textual experiments in Kazakh literature, systematization and publication of AbaiKunanbayev's book. Abay's works were first published as a collection in 1909 in St. Petersburg; prepared them for printing his son, Turagul Abayuly and cousin Kakitay Yskakov. Next editions were based on recordings of Abay's poems made by Murseit Bikeuly as self-manuscripts of the poet have not survived, but his poems were distributed among the people orally. The collection includes a brief biography of the poet. For connoisseurs and researchers this collection of poetry remained as a valuable tool in promoting the creativity of Abay for a long time.

The first collected works of poet, textual finds of Abay's poems were considered in this work. This article is considered the theoretical basis of textual criticism. Analyze errors in a collection of works of the poet, textual research on the poems of Abay. Provides a scientific rationale for the study of the history of the text, expounded basic principles of textual criticism and textual experiences in Kazakh literature, promoting the systematization and publication of Abay's books.

Key words: Textual, discrepancy, canon, edition, proofreader, heritage, transformation of a text, conceptual positions.

С.К. Қожагұлов

I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы

АБАЙ МҰРАСЫНА МҰҚИЯТ БОЛАЙЫҚ

Аннотация: Мақалада текстология ғылымының теориялық негіздері, ғылыми негіздеу, зерттеу тарихы, мәтінтанудың негізгі принциптері бастапкы текстологиялық тәжірибелер, казақ әдебиетіндегі текстологияның жай–күйі қарастырылады.

Ел ішіндегі Абай өлеңдерінің көшірмелері, Мұрсейт, Садуакас, Оразке, т.б. көшірме нұсқалары, 1909 жылы К.Ысқақовтың Петербургта бастырыған Абай өлеңдерінің жинағы Абай өлеңдерін текстологиялық тұрғыдан тексеруге мүмкіндік туғызығанын, ақын өлеңдерін жариялау барысында текстологиялық жағынан артық-кем түсіп жатқан жайлар болғаны ғылыми турде сарапталады. Абай мұрасының бізге жеткені көшірме нұсқалар болғандықтан текстологиялық тұрғыдан тексеру жұмыстарының күрделілігін, алғаш Абай мұрасын бастыруға талақ қылған Кәкітай, Тұрағұлдар ақынының ел арасына тараған кеткен шығармаларын жинап, Мұрсейтке көшіртіп, кате жазылған сөздерді мүмкіндігінше тексеріп, тұзетіп баспаға ұсынғанын дәйектеді.

Абай шығармаларының тұнғыш текстологы М.Әуезовтың бұл салада атқарған ғылыми ізденістерін, Абай өлеңдері шын мәніндегі өзінің табиғи бастапкы қалпындағы өлең өрнегіне 1933 жылы жарияланған тұнғыш жинақтан бастап түсіп бастағанын, Абай өлеңдеріндегі шумак, тармак, бунақтардан кеткен қателіктерді де орынды атап көрсетеді.

Ақын мұрасының конондық тексін қалыптастыруда абыттанушы ғалымдарымыздың жан-жакты текстологиялық зерттеулер жүргізгенін атайды, Абай шығармаларынан әсіре бояу, асыра астарлы мағына іздеу де ізден жаңылдырылар ілкі түсінбестікке соғуы мүмкін екендігін ескертеді.

Тірек сөздер: Текстология, канон, басылым, корректор, мұра, мәтін, тізім, колжазба.

Ел ішінде Абай өлеңдерінің көшірмелері болуы, Мұрсейт, Садуакас, Оразке, т.б. көшірме нұсқалары, 1909 жылы К.Ысқаовтың Петербургта бастырыған Абай өлеңдерінің жинағы-бәрі де Абай өлеңдерін текстоло-гиялық тұрғыдан тексеруге мүмкіндік туғызыды. Абай өлеңдерін жариялау барысында текстологиялық жағынан артық-кем түсіп жаткан жайлар болды. Оның басты себебі - ақын қолжазбасының бізге жетпегендігінде. Бізге жеткені көшірме нұсқалар болғандықтан және олардың “Мұсылманша жазудың шатақ уағында” жазылғанын ескерсек текстологиялық жұмыстың аса күрделігі де түсінкті. Алғаш Абай мұрасын бастыруға талап қылған Кәкітай, Тұрағұлдар ақынның ел арасына тарарап кеткен шығармаларын жинап, Мұрсейтке көшіртіп, қате жазылған сөздерді мүмкіндігінше тексеріп, түзетіп баспаға ұсынғаны белгілі.

М. Өуезов «... Абайдың баспаға шығуында тарихтық бірінші зор еңбек етуші – Кәкітай» еңбегін айрықша айта келіп, «...акынның тілегінен тыс түрде редактордың өзінше бөлшектеуі редакторлық, ғылымдық дұрыс түрі деуге болмайды» [1] деп әділ сынайды, «Абайдың жинақ болып шығуы зор қадірлі тарихтық іс болғанымен, ойдағыдай шыға алмағанына» [2] қынжылады. М.Өуезов “... біздің асыл нұсқа есебінде сүйенетініміз–сол Мұрсейттің көшірмелері”[3] десе де, Мұрсейт қолымен көшірілді деген 1905, 1907, 1910 жылдары нұсқалардың өзінде де текстологиялық ауыткулар бар.

I.Жансүгіровтің 1923 жылы жазылған “Абай кітабы” атты мақаласы Ташкентте басылып шыққан Абай өлеңдері жинағында кеткен қателерге текстологиялық түзетулер жасауымен құнды. I.Жансүгіров: “Тегінде Абай мұсылманша жазудың реттелмеген, шатақ уақытындағы жазушы, сондықтан Абайдың өлеңін түзетіп, жана жолмен жазу, кайбір сөздерін мағыналаудың ауыр тиетіні анық”,-дей келіп, [Жансүгіров I. Абай кітабы. Тілші газеті. 1923 жыл 8 мамыр] өлең жолдарында кеткен 21 түрлі жаңсақтықтарды көрсетеді. Текстологияда қалыптасқан қысынды болжам арқылы, мысалы: «“Кез болсақ қайғы жазарға” жазарға емес, “я зарға”, немесе «ие сені бітірген қиян дөнге» емес, ием сені бітірген иен дөнге, «Кіреден мойын кесілсе“, кіреден емес, “керден” мойын“ т.б.- деп түзетулер жасайды.

Алла деген сөз женіл,
Аллаға ауыз жол емес.
Ынталы жүрек, шын көніл,

Өзгесі хакқа қол емес. „Бұл екі жолдағы “қол мен жол” айырбасталып түсken. Абайдың бұл жыры кітаптың басындағы нөмірінде дұрыс жазылған, ортасында түзетілмеген»-дейді. Абай мұрасына жауапкершілікпен қарап, жинап бастыру ісінде абай болмақ керек екенін алғаш ескерткен, Илияс: “...тегінде Абай өлеңін, жырдың үйқасына өте сактық қылатын ақын. Өлең жырлардың иықтарында қыл сыймайтын кио бар. Басқалардай пікір үйлесетін жанамалау сөзді экеле салмайды, тізбегіне әдемі келетін ұнасымды сөзді, пікірдің ішіндегі үйқасымды да қарамайды. Абайдың өлеңін дұрыстағанда бұл ескерілуі керек”-[Жансүгіров I. Абай кітабы. Тілші газеті. 1923 жыл 8 мамыр] деп түйіндейді.

Абай шығармаларындағы өлең өрнектерінің өзіне тән бастапқы қалпын сактай бермегенін 1923 жылы “Ақжол” газетінде F. Сағди де ескерткен.

Абай мұрасының текстологиясы жайында жазылған еңбектер ішінен К.Мұхаметқановтың 1959 жылы жарық көрген “Абай шығармаларының текстологиясы” [4] еңбегінің құндылығын атап өту орынды. Б.Кенжебаевтың, [5] М.Бөжевтердің [6] мақала, зерттеулері, Т.Абдрахмановтың, “Социалистік Қазақстан” газетінің 1953 жылғы 23 шілдедегі санында жарияланған “Абай шығармаларының текстологиясы жайында” деген мақаласы, Р.Сыздықованың “Абай мұрасы жайында” деген “Қазақ әдебиетінің” 1965 жылғы 13 тамыздағы санында жарияланған мақаласының Абай мұрасының жинақтарын бастыруда ігі ықпалы болды. Абайтанушы М.Мырзахметов “Мұрсейт қолжазбаларының әрі 1909 жылғы жинақта да Абай поэзиясы өзінің табиғи қалпындағы өлең өрнегін көп жерлерде сактай бермеген. Мұның себебінің бірі Абай өлеңін көшіріп таратушылар қазақ өлеңінің табиғатына ұлы ақын тыңнан енгізген өлеңдегі жана түрлердің сыр сипатын жете тани алмауында жатса керек. Абай шығармаларының тұнғыш текстологы М.Өуезовтың бұл салада атқарған ғылыми ізденістері арқылы ғана Абай өлеңдері шын мәніндегі өзінің табиғи бастапқы қалпындағы өлең өрнегіне 1933 жылы жарияланған тұнғыш толық жинақтан бастап түссе бастады”,-деп [7] Абай өлеңдеріндегі шумак, тармак, бунактардан кеткен қателіктерді де орынды атап көрсетеді.

Абай шығармаларының кейінгі 1977 жылғы [8] басылымында бұрын-сонды айтылып келген ұтымды ұсыныстар қабылданып, жинақты құрастырушы белгілі бір топ ғалымдар: ІІ.Дүйсенбаевтың басқаруымен З.Ахметов, М.Мырзахметов, М.Жармұхamedов, М.Мағауин, Қ.Сыздықовтар қатыстырылып, ұлы ақынның әрбір шығармасына текстологиялық жұмыс жүргізілген. Десе де, баспасөз бетінде 1980-90 жылдар ішінде жарияланған академик З.Ахметовтың, Қ.Мұхамедхановтың, М.Мырзахметов пен Қ.Өміралғиевтің, Г.Белгер мен А.Исиннің мақалалары Абай шығармаларының текстологиясында әлі де селкеуліктер бар екенін ескерти.

Кейінгі жылдары «Жазушы» баспасынан 2002, 2005 жылдары қайталанып шыққан толық ғылыми жинақтың [9] өзінде дүдәмал жолдар кездесуі – текстологиялық тексерулердің әлі де олқы соғып жатқанынан.

Абай өлеңдерінің жинағында мағынасы айқын бола тұрса да түзетілмей келе жатқан қателіктердің бірі - «Көк тұман алдындағы келер заман» өлеңіндегі:

Әділет пен арлылық, махаббат пен

Үй жолдасың қабірден әрі өткенде, деген жолдарындағы «үй жолдасының» деген тіркестің мағынасыздығы. Ақынның алдыңғы тармақта санамалап, қабірден ары өткендегі **Уш жолдасың**: 1) әділет, 2) арлылық, 3) махаббат деген айқын ойын «әзірше бұрынғы нұсқасы жіберілді» деп түзетпей-ақ келеміз. Аталған 2 томдық толық ғылыми жинақта берілген түсінікте: «... алдыңғы, 1909 жылғы және 1922 жылғы жинақтардағы «**Ой жолдасың...**» деген сөздер өлең мазмұнына қабыспай тұрғаны байқалады, одан кейінгі [1933, 1977 жж] жинақтарда «**Үй жолдасың**» деп басылуы қысынға келе қоймайды. «1954 жылғы жинақта [2т.24 бет] «...**Уш жолдасың** қабірден әрі өткенде», - деп басылған. Бірақ берілген түсінікте «**уш жолдасың**» деп басылуы туралы еш нәрсе айттылмаған, 1957 жылғы және 1977 жылғы жинақта: ...**Үй жолдасың** қабірден әрі өткенде, - деп басылған, дей келіп, «Бұл жолғы басылымға әзірше (?) бұрынғы нұсқасы жіберілді» [10] [1,181] деген. Осы өлеңнің алдыңғы тармағы да 1909 жылғы кітапта: «Әділет пен арлылық, махаббатпен» - деп басылған болса, 1977 жылғы жинақта: «Әділеттік, арлылық махаббатпен» - деп бұрмаланып басылғанын түсінікте көрсете отырып, жинақта тағы да сол қате нұсқаны қалдырған. Осы жолдардағы «әрі өткенде» деген тіркесте де қателік көзге ұрып тұр. Араб жазуы емлесінде сөз басындағы дауысты дыбыстың алдындағы дәйекше түсіп қалса сөз жіншікке оқыла береді. Білімді маман, көзі қарақты, кеудесі сөулелі оқырман бұл жолдарды тәлтіштеп түсіндірусіз-ақ ұфар.

Авторлық қолжазбаның болмауы әрі жоғарыда көрсетілген жинақтарда түсініктердің берілмеуі-конъектуралық тәсілге жүгінуге мәжбүр етеді. Абай өлеңдерінен келесі тармактарда айттылатын ойға алдыңғы тармактарда, кейде бастапқы ойды кейінгі жолдарда қорытып түйіндеп отыратын тәсілді жиі кездестіреміз. Мысалы:

Уш – ақ нәрсе адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек-немесе,
«Әуелде бір сұық мұз – ақыл зерек» деп басталатын өлеңде:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек...
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол **үшеуінің** жөнін білмек. [11]

17-қара сезіндегі ақыл, қайрат, жүректі ғылымға жүгіндіретін ойын тиянақтап, қысқа да нұсқа жеткізеді. Ақын өзі атап көрсеткен сипаттардың санын да нақтылап отырады.

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңіне берілген түсінікте де: «Біз де осы түзетуді орынды санадық», -дей отырып, М.Әуезов, Қ.Мұхаметханов дұрыс көрсеткен қателіктерді түземей «және хәқ жолы осы деп әділетті» деп басылыш келеді. Айтпағымыз дәлелді болу үшін өлеңнің екі шумағын толық келтіргенді жән санадық.

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де **сүй** ол алланы жаинан тәтті
Адамзаттың бәрін **сүй** бауырым деп,
Және **сүй** хәқ жолы деп әділетті

Осы үш сую болады имани гүл,
Иманның асылы **үш** деп сен тәкхиқ біл.
Ойландағы **үшеуін** таратып бақ,
Бастаған байла жолына, малын түгіл.

Қ.Мұхаметхановтың 1959 жылғы жарық көрген «Абай өлеңдерінің текстологиясы жайында» атты зерттеу кітабында: «... Осы соңғы жолға үңіле қарасақ, мағына-мазмұн жағынан да, өлеңдік қысын жағынан да ойсырап жатыр. Абай сезінен бөтен сөз араласып бүлдіріп тұр» - [12] деп жазған. Айттары айқын, басы ашық санамалап тұрып **алланы**, **адамзатты**, **әділетті** **сүй** деп көрсеткен үш сүоді: «және хәқ жолы осы деп әділетті» деп оқысақ оқырман «әділетті хәқ жол осы деп, Алланы сүй, адамды сүй,» деп қате түсінер еді. Ақын ойын терең таратат түсіп, келесі шумакта:

Осыларды бұзатын және **үш іс** бар:

Пайдамақтан, әүесқой-одан шошы, - деп шайтан ісінен сақтандырады.

Рұза, намаз, зекет, хаж талассыз іс,
Жақсы болсан, жақсы тұт бәрін тегіс.
Бастапқы **үшін** бекітпей, **соңғы тортті**,

Кылғанменен татымды бермес жеміс, - деп 10-карасөзіндегі ойын өлеңмен өрнектеп жеткізеді.

Академик З. Ахметовтың 1993 жылғы 6 тамызда «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Абай сезінен үнілсек» деген макаласында «Қактаған ақ күмістей кең мәндайлыш» өлеңіндегі:

Қолаң кара шашы бар, кең мәндайлыш

Торғындаі толқын ұрып көз таңдайды,-деген жолдардағы «торғындаі» болып жүрген сөзінің «тұрғандай» деп оқылуы әлдеқайда қисынды деп таптық» дейді. «Толқын ұрып тұрғандай» да қисынды болжам арқылы дұрыс түзетілген, тұрақты тіркес. Бірақ аталған ғылыми жинакта бұл сез де өзгертілмей басылып келеді.

«Жігіттер ойын арзан құлкі қымбат» өлеңіндегі:

Қырмызы қызыл жібек бозбалалар,

Онғақ пұлдай былғайды бір дым тисе, - деген тармақтағы «пұлдайтын» дұрысы «бұлдай». Пұл-ақша, бұл-материал - мағынасы тұрмысқа қажетті бұйым-мата.

Аттың сыйныдағы» Мұрсейіт қолжазбасында, 1909, 1933, 1945, 1954 жылдардағы басылымдарда «бұл-бұл қағып» деп басылып келе жатқан соңғы шумак:

Аяны тұмакты алши кигізгендей

Кісіні бұл-бұл қағып жүргізгендей,-деген жолдағы «бұл-бұл қағу» фразеологиялық тіркесі «бол-бол қағып» жүргізгендей деп басылған, түсінік берілмеген.

Тұрсын Жұртбайдың «Абайдың астарлы сөздері» [13] деген мақаласындағы «Сегіз аяқтағы» «Қиуадан шауып»-деген жолдағы «қиуа» сөзінің «осы араға килігінде ешқандай логика жоғы» рас. Дегенмен, осы жол «қиыннан шауып» емес «қиядан шауып» төрізді естіледі. «қиында» образ жоқ, Бұхар жырау «Қиядан қиқу төтілсе, Атының басын тартпаған»- [14] деп сомдамай ма Бөгөнбай батыр бейнесін. Таудың жалаң кия жерлерінен орағыта, қиялай шабу қисынды. Шумақ толғауы тоқсан қызыл тіл туралы болғандықтан айтар ойын әріден тарта орағытып, тұспалдап, астарлап, қиялап келіп, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін шешкен асыл сөздің құдіретін образды бейнелеудің көркем үлгісі емес пе?. Әрі әу баста әнмен тараған «Сегіз аяқ» шумактарының 1-інші, 3-інші, 4-інші, 6-ншы тармақтары көтерінкі созылынқы айтылатынын ескерсек «Ки-и-аданның» «ки-у-аданға» ұқсас естіліуін аңдауға болар.

Текстологияның басты міндеттінің бірі-окушыға дұрыс түсінік беру. Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңіндегі:

Ғылымды іздел,

Дүниені қөздел,

Екі жаққа үнілдім-деген жолдарына әр түрлі түсінік беру де орын алды. Ертеректе ақынның ғылымды іздел ұңілген екі жағы – Шығыс пен Батыс деп түсіндірілсе, кейіннен ғылым мен дүниені қөздел ұмтылған екі жақ – фәни мен бақи деп түсіндірілпі жүр. Шумактың соңғы қос тармағындағы түйінінде:

Екі кеме құйрығын,

Ұста жетсін бұйрығын- демей ме? [15] Ұлы ақынның айқын ойын «терендетеміз» деп шығыс мен батыстың ғылымын немесе фәни мен бақидын қызығын бірдей іздесен суға кетесің деген теріс ойды Абайға теліп түсініксіздік тудырады екенбіз. Жұмбақ айқын бұл жерде ешнәрсені де жұмбактамай ақыл таразысының бір басына-білмекке құштарлықтан туған ғылымды, екінші басына алдамшы дүние қызығы - бок дүниені қойып, жан азығы мен тән азығын таразылаған. «Ғылымның біліп пайдасын, Дүниенің көркін бойламай»-деп екінші бір өлеңінде ойын айқындаі түседі. 34 қарасөзінде «...екі дүниенің қайғысына, пәлесіне хаупің, екі дүниенің жақсылығына рахатың-бәрі бірдей екен» [16] деп екі дүниені пәни мен бақиды айқын ажыратса түсіндіреді. Әр ұғымды өз атымен атаған айқын екі дүниені «екі жақ» демесе керек.

Абайдың атақты «Қыс» өлеңіндегі түсінігі түсініксіз болып келе жатқан «борандай», «ұшпадай» деген тенеулер. Абай басылымдарында «ұшпаға-шок-шок болып жөнкіген бұлт» деген түсінік берілген, ал марқұм К.Ахметбеков «Ұшпа деп таудың, шының немесе жазықтау жердегі төбенің, обаның басындағы тұз құстары қонып отыратын ең өркешті оқшау бікті аттайтыны» жазған. Кейінтеудің классикалық үлгісі болған өлеңде шоқ бұлтқа немесе таудың ұшар биігіне оқшырайта бөрік кигізіп-ак көреік, ал аязбенен қызара ажарланған не? Т. Жұртбайдың Абай өлеңдеріндегі араб әрпінің жазылуынан кеткен қателері туралы айтқан көкейге қонар уәжі осы өлеңде де көрініс тапқандай. Қысты қори құдаға тенеп отырған айқын шынылтыр аяз әсерінен бөркін оқшырайта киіп, көрік отына жузі шарпылып қызара ажарланған ұстага (وَسْتَادِي، وَشَبَادِي) ұқсатпады ма екен деген ойға жетелейді? Ал 1939 жылғы 1977 жылғы жинақтарда «бурадай» деп өзгертілген жолды 1909 жылғы басылымдағы алғашкы қалпына келтірген. Бұрк-сарқ етіп долдана соққан боранды боранға тенеудің қандай логикалық қисыны бар? «Басын сіліксе, қар жауып, мазанды алған» боранды –бұрк-сарқ етіп долданған бураға тенеу образды әрі көркем. Текстология ғылымының білгілері поляк ғалымы Конрад Гурский, [17] орыс ғалымы Д.С.Лихачев [18] та конъектураға өте сақ болуды ескерткен. Неміс зерттеушісі Г. Витковский конъектура (қисынды болжам) арқылы «сөзсіз қате кеткеніне көзін жеткенде түзету енгізуғе болатынын «конъектура нужна там, где есть принудительные основания для исправления» [19] дейді. М.Әуезов тәжірибесінде конъектуралық түзеу тәжірибесі өте сирек, десек те, әдеби мұраларымыздың көп жағдайда ауызша және қөшірмелер арқылы жетуін ескерсек айқын өлеңдерінің түсініксіз түйткілдерін шешуде мәтінтауда қалыптасқан конъектуралық түзетуге жүгінбеске болмас.

Абай мұрасы ұлттық идеологиямыздың темір қазығына айналған уақытта, «Абайды білу парыз ойлы жасқа» деп ізгі ниетті жүзеге асыруда оқырманға ақынның әр сезін дұрыс жазып, дұрыс түсіндіру қажет. Ахмет Байтұрсынұлы «Қазактың бас ақыны» мақаласында: «1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған

дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндегі емес... Сөзі аз, мағынасы көп терең. Бұрын естімеген адамға шашаш қоюп шықсан, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады... Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсініне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағаннан болған кемшілік емес, окушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанын болатын кемшілік», - екенін айта келіп, «Көк тұман алдындағы келер заман» өлеңін толық келтіріп. Абайды қазак баласы тегіс танып, тегіс білу керек» [20] – дейді. Ана тілімізді бізден әлдеқайда терең түсінген, астарлы мағынасын айтқызбай таныған, өрнекті сөйлеуді өнер деп білген бабаларымыз жайлы А.Байтұрсынов айтқан пікірдің өзектілігі бүгінгі күні бұрынғыдан да арта түспесе кемімеген айқын.

Ақын мұрасының конондық тексін қалыптастыруда абыттану іліміне адаптацияның, ғалымдардың ұлы ақынның асыл мұрасын тозаң тұттырмай тер төгіп, текстологиялық зерттеулер жүргізгені, көз майын тауысып, мәндай терін төккені белгілі. Десек те, Абай шығармаларынан әсіре бояу, асыра астарлы мағына іздеу де ізден жаңылдырап ілкі түсінбестікке соғуы мүмкін.

Ақынның 150 жылдық мерейтойы қарсаңында жарық көрген «Абай және қазіргі заман» атты зерттеулер жинағында академик С.Қирабаев «Абай шығармаларын текстологиялық тұрғыдан зерттеу бүгінгі күннің ең қажет мәселеісі. Бұл салада басталған жұмыс аяғына жетіп көрген емес. Ақын кітабын кезекті жариялау, көбінесе мерейтойларға байланысты жүргізіледі де, жаңа жинақ ылғы асығыс дайындалады. Колжазбалар мен шыққан кітаптар тексін салыстыра карауға уақыт жетпей қалады, ...алакұлалықтар Абай шығармаларында бірқатар кездеседі», - [21] деген өзекжарды ойының, ескертуінің бүгінгі күнге дейін күн тәртібінен түспей, текстологиялық тұрғыдан дәлелденген тіркестер мен сөздердің түзетілмей, қате басылып келе жатқаны қынжыларлық жай.

Зерттеуді қаржыландыру көзі – жеке тұлға: Қожағұлов Сайлаухан Қажыбекұлы

I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің қауымдастырылған профессоры.

Пошта индексі.- 040000, Талдыкорған қаласы Мүшелтой шағын ауданы, №12 үй, 24 – пәтер, Жұмыс телефони: 8(728)2 22 16 67/ 1145; ұялы телефоны: 8 701 695 30 76; 8 777 685 73 77

ӘДЕБІЕТ

- [1] Әуезов М.О 20т. ТШЖ., 17т. 226 б.
- [2] Әуезов М.О 20т. ТШЖ., 17т. 228 б.
- [3] Әуезов М.О 20т. ТШЖ., 17т. 229 б.
- [4] Мұхаметқанов Қ.“Абай шығармаларының текстологиясы” Алматы, 1959, 85 б. [5] Қенжебаев Б. Қенжебаев Б. «А.Құнанбаев» Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері (Мақалалар жинағы). - Алматы: Ғылым, 1973.83 б.
- [6] Бөжесев М. Абай өлеңдерінің текстологиясы туралы. Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелу. «Ғылым» баспасы. 1983.
- [7] Мырзахметов М. Абыттану тарихы, Алматы „Ғылым“1994., 40-бет.
- [8] Абай Құнанбайұлы. 2т.ТШЖ. -Алматы: «Жазушы» 1977 ж.
- [9] Абай Құнанбайұлы. 2т.ТШЖ. -Алматы: «Жазушы» 2002 ж.
- [10] Абай Құнанбайұлы. 2т.ТШЖ. -Алматы: «Жазушы» 2005ж
- [11] Абай Құнанбайұлы. 2т.ТШЖ. -Алматы: «Жазушы» 2002ж
- [12] Абай Құнанбайұлы. 2т.ТШЖ. -Алматы: «Жазушы» 2005ж
- [13] Мұхаметқанов Қ.“Абай шығармаларының текстологиясы” Алматы, 1959, 85 б.
- [14] Бес ғасыр жырлайды. «Жазушы» баспасы 1984 ж. үш томдық өлеңдер жинағы.
Құрастырғандар: M. Байділдаев, Мұхтар Магаун.
- [15] Абай Құнанбайұлы. 2т.ТШЖ. -Алматы: «Жазушы» 2005ж
- [16] Абай Құнанбайұлы. 2т.ТШЖ. -Алматы: «Жазушы» 1977ж
- [17] Нечаева В. С., Konrad Górska. «Sztuka edytorska. Zarządzanie teksty i dokumentem», «Изв. АН СССР ОЛЯ», 1956, т.15, в. 6;
Борисов В. М., Вопросы атрибуции в книге Конрада Гурского «Искусство издания», в сб.: Вопросы текстологии, в. 2, М., 1960.
- [18] Лихачев Д.С. Текстология (краткий очерк) Изд."Наука"М. Л. 1964.
- [19] Witkowski G. Textkritik und Editonstechnik тұтукук Schriftwerke. Ein Methodologyischer Versuch. Leipzig, 1924, S.20
- [20] Байтұрсынов А. Ақжол, Алматы, «Жалын» 1991, 2176.
- [21] Қирабаев С «Абай және қазіргі заман» А., Ғылым, 1994, 9-бет

Автор туралы мәлімет:

Қожағұлов Сайлаухан Қажыбекұлы - И.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті Талдыкорған қаласы, Қазақстан Республикасы, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры, ғылыми атағы: филология ғылымдарының кандидаты, электрондық адресі: Sailau.24@mail.ru

УДК 821.512.122-1

С.К.Кожагулов

Жетысуский государственный университет им. И.Жансугурова, г. Талдыкорган

БУДЕМ ВНИМАТЕЛЬНЕЕ К ПОЭТИЧЕСКОМУ НАСЛЕДИЮ АБАЯ

Аннотация. В статье рассматриваются теоретические основы текстологии,дается научное обоснование изучения истории текста, излагаются основные принципы современной текстологии и первоначальные текстологические опыты в казахской литературе, способствование систематизации и изданию книг Абая Кунанбаева. Первые текстологические изыскания по стихам Абая были предприняты по той простой причине, что несоответствие отдельных стихов общему настрою и звучанию поэзии Абая резко бросалось в глаза. Разнообразные списки стихов Абая, имеющиеся в народе, сборник произведений поэта, опубликованный К. Исаковым в Петербурге в 1909 году, переиздание сборника Мурсеитом – все это в совокупности явилось предпосылкой для текстологического изучения наследия Абая. Собирание произведений поэта нередко сопровождалось текстологическими погрешностями. Поэтому, статья посвящена обзору основных этапов развития казахской текстологии, начиная с первых опытов Каюма Мухаметханова, осуществившего текстологический анализ произведений Абая Кунанбаева. Автор излагает основные принципы современной текстологической науки, без которой невозможны правильная систематизация и подготовка к изданию художественных произведений, акцентируя внимание на сложностях, возникающих перед текстологами в процессе работы над текстом. Рассмотрен первый сборник произведений поэта, текстологические изыскания по стихам Абая.

Ключевые слова: Текстология, разночтение, канон, издание, корректор, наследие, трансформация текста, концептуальное положение.